


Л 2006

бек САЛЫҚОВ

6518 к



Күзгі сары

Кәкімбек САЛЫҚОВ

Қызгі сарын

“Елорда”
Астана – 2005

ББК 84 Қаз 7-5

С 18

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Салықов К.

С 18 “Күзгі сарын”. (*Өлеңдер, поэмалар*)

— Астана: Елорда, 2005. — 296 бст.

ISBN 9965-06-409-1

Бұл жинаққа қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кәкімбек Салықовтың жаңа туындылары мен бұрынғы жинақтарына кірмей қалған әр жылғы өлеңдері мен поэмалары топтастырылды. Өлеңдер де, поэмалар да қызғылықтылығымен оқушының жүрегіне тез ұялайды. Ақынның жаңа жинағында өлеңдер, сонеттер, сонеттен тізілген гүлтәж және “Төңнің тілі” сияқты асыл туындысы поэзия биігіне жол тартып тұр. “Аққу мен ару” атты шағын поэмасы да жинақты түрлендірген дүние. Сәт тілейміз.

С 4702250202 — 301
450(05) — 05

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-06-409-1

© Салықов К., 2005

© “Елорда”, 2005

Кітаптың шығуына жауапты
баспа директоры — **Т.С. Дуанбек**

Әдеби-көркем басылым
Кәкімбек САЛЫҚОВ
КҮЗГІ САРЫН

(*Өлеңдер, сонеттер, сонеттен тізілген гүлтәж,
қос өрімдер, поэмалар*)

Редакторы *Т. Мәмесейіт*
Техникалық редакторы *С. Бейсенова*
Корректоры *Г. Қуандықова*

ИБ № 364

Теруге 22.04.2005 ж. жіберілді. Басуға 31.10.2005 ж. қол қойылды. Қалыбы 84х90 1/32. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі “Таймс”. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 12,95. Есептік баспа табағы 13,0. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 1940.

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің
Ақпарат және мұрағат комитеті

“Елорда” баспасы, 010000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.



“Астана полиграфия” акционерлік қоғамы,
010000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.



I бөлім



**БҮТҮНҮ
ЖАЗҒАН
ӨЛЕҢДЕР**

1. Өлеңдер
 2. “Тәннің тілі” (поэма)
- 
- 



АСТАНА — АЗИЯНЫҢ АРУ ҚЫЗЫ

Сәулеті айтар елдің наз қиялын,
Өз сүйген шаһары бар әр қияның.
Кей қала кемпір көзбен қызығардай,
Астана — сұлу қызы Азияның.

Ай қабак, жайма шуақ жүзі қандай,
Ақ гүлдей сүйгің келер үзіп алмай;
Астана — Азияның жас қаласы,
Ажарын көрген адам қызығардай.

Құлшынған күншығыста жас қалаға,
Батасын берді Алатау бастап алға.
Ақ жарқын Азияға нұрын шашқан,
Тілейміз құт-береке Астанаға.

“Бәйтерек” құшақ жайған көшем жаңа,
Астана қарқын алды өсер дара.
Есілдің жағалауын жарқыратқан,
Аққудың ұясындай әсем қала.

Әр үйдің ажарынан өн тамады,
Екі көз тік қарауға жасқанады.
Дербес ел өрге ұмтылған зор дүбірі,
Ақжолтай осынау төрден басталады.

Паң, кербез ақ маралдай жаны асылға,
Сүйсінді елдің тау мен даласы да.
Халқымның талай ғасыр жазылмаған,
Астана шипа болды жарасына.

Тез білсе әлем біздің Астананы,
Жоқ болар ақ тілектен басқа мәні.

Көрген жан қуанышқа кенелгенде,
Кей досты қызғаныш та басқарады.

Аңсатқан шырын, шәрбат бал-уызы,
Тамсантқан таңғажайып дәру жүзі.
Бой жазған Сарыарқаның самалында,
Астана — Азияның ару қызы.

14.02.2005 ж.

СОҒЫС ПЕН ЖЕҢІС

Соғыс деген — тарқамаған мұң, шерім,
Ол — қыршын жас шықпай қалған үндерім.
Ол — ауылда атам, әжем, анаммен,
Сиыр жегіп, соқа айдаған күндерім.


Соғыс деген — үлкен зәбір шеккен күн,
Әкелерден “қара қағаз” жеткен күн.
Ол — бригадир салт қамшысы астында,
Көздің жасын ішке жұтып өткен күн.

Жеңіс деген — ашылған көз шырағы,
Ол — адамдар кең пейілді тұрағы.
Ол — біздерге балалықты қайтарған,
Тіршіліктің ұмытылмас жұмағы.

Ойға салсақ ақыл, ойды тең ұстап,
Адамзатты көкірек кере шер қыспақ.
Соғыс деген — Освенциум, Карлагтар,
Жеңіс деген — қирап қалған Рейхстаг.


Жеңіс деген — Бауыржандар, Сағадаттар.
Панфиловтар, Төлеген, Мәлік, Талғаттар.
Жеңіс біздің Қошқарбаев, Қайсенов,
Жеңіс деген — майдан кешкен солдаттар.

Жеңіс деген — ел арманы тоғысқан,
Әлия, Мәншүк жауға мірдей оғы ұшқан.
Жеңіс деген — 20 миллион адамдар,
Үйлеріне оралмаған соғыстан.



Жеңіс құнын ақыл жетгі шамалар,
Болдық бәрін өзімізше бағалар.
Жеңіс деген — Жұбан, Сырбай, Қасымдар,
Жауды жеңіп кек қайтарған ағалар.

Ағалар-ай,
Арыстарым, айбатым.
Аңыз болды жер бетіне қайратың.
Дүниеге келер талай батырлар,
Өздеріңнен асар дейсің қай батыр.



Жеңіс... Жеңіс...
Сені күтіп сақ құлақ,
Келгенінде сүйінші алдық шапқылап.
Бала едік жалаң аяқ жүгірген,
Пошташы шал жолын торып хат сұрап.

Жеңіс... Жеңіс...
Осынау күнге тамаша,
Нақ алпыс жыл болыпты-ау, жыл санаса.
Қызық тойға жетпіс үште жетсем де,
Мен қуанам жеңіс жылғы балаша.

Бүкіл елге ортақ бақыт әперер,
Жеңгендерді ел ардақтап мәпелер.
Жеңіс деген бізге тастап Отанды,
Қан майданда қаза тапқан әкелер.

Жеңіс деген — ел басқарған даналар,
Қатал жауды жеңді олар жан алар.
Жеңіс деген — балаларға бас болған,
Ауылдағы шалдарменен, аналар.

Жеңіс — көктем,
Біз көктеген жеміспіз.
Қаулап өстік, құламадық тегіспіз.
О, жас ұрпақ!
Сәл кідіріп ойланшы,
Не болар ек біздер осы жеңіссіз.

15.02.2005 ж.

АУЫЛ ДЕСЕМ

Әр әулеттің ауылда алтын ұясын,
Әспеттейді көңлімнің күйі асыл.
Ауыл — десем, ақ дидарың жарқ етіп,
Көкірегіме ғашық әуен құясың.

Әне, сонда аққу көлде үн қатар,
Тоқсан толғап тоты әнін тындатар.
Жағалауда шырылдаса көп қызғыш,
Тыңдай қалмай үркітуге кім батар.

Өлең айтпас біздің елде қай кісі?
Ақан сері әні жанға жайлысы.
Біржан сал мен, Үкілі Ыбырай әндерін,
Жалғастырды Құлагердің қайғысы.

Елге барсам соғыс жылғы балалар,
Жұрттан бұрын өктем төстеп қамалар.
Еске түсер азалы әнге салғаны,
“Қара қағаз” алған шерлі аналар.

Болды жылдар ауыл жаққа көп келмес,
Сағыныш сазы,
Дерт қаулатты өртпен дес.
Елге оралып, есті жиып, көз ашсам,
Бар айтарым осыменен шектелмес.

Ауылым менің зәулім биік Манхеттен,
Меккем де сол шын жұмағы таң шеккен.
Бар өнерім ауылымның бергені:
Өлең жазсам, кейде баяу әндетсем.

Ауыл десем ашылады тұнығым,
Түпсіз терең қазақ үшін бұл ұғым.
Ән мен жырдың арқасында ауылдан,
Үзілген жоқ алшақ өткен ғұмырым.

3.04.2005 жс.



ӘЛИЯ МЕН МӘНШҮККЕ

Соғысты айтсақ көңіл қозғар жан сыры,
Ойға оралар ұлттық намыс сан қыры.
Сонда елестер қыз-қырандар ер жүрек,
Қазағымның Әлия мен Мәншүгі.

Ерлік туы екеуінің аты да,
Исатай мен Махамбетшіл заты да.
Қан майданда қазақ қызы атағын,
Тік көтерді бірнеше мың сатыға.

Қыздың жолы жіңішке деген қалыпты,
Бұзып өтіп, жауға ойран салыпты.
Бөледі олар ару-ерлік нұрына,
Туған елін, қазақ деген халықты.

Есімдері ұрпаққа үлгі әкелді,
Сүйсіндірді достар түгіл жат елді.
Жан анамның “қара қағаз” қаусатқан,
Жаудан кегін қос сіндісі әперді.


Ән мен жырым еткен талай жария,
Ұлттық ұран — бізге Мәншүк, Әлия.
Екеуіне ескерткіш боп толқиды,
Әму мен Сыр секілді қос дария.

Жігіттердің ерлігіне таң қалса,
Қызы батыр басқа ұлттар бар қанша?
Есімдерін мақтан етер сол үшін,
Жер-жаһанда жалғыз қазақ қалғанша.

24.02.2005 жс.

* * *

Ай сәулесі нұрлаған,
Маужырап орман тындаған.
Ақ қайрақ тас түбінен
Ақ бұлақ тынбай жырлаған.
Ән салды деме бір маған.
Жәндік жоқ мойнын бұрмаған.
Толқытып таза сарыны,
Кезі жоқ жүрек жұлмаған.



Дей көрмен естен жаңылды,
Дәл мендей ол да сағынды.
Есіме салды-ау дегбірсіз,
Дем алмай күткен шағымды.
Түзеді сылқ-сылқ ағынды,
Сыңғырға қосты әр үнді.
Үзімтал нәркес тілімен,
Тағдырға талмай жалынды:

— Дауа жоқ ынтық жүректе,
Таң атқанша жүдетпе.
Жүзінді көріп жатайын,
Тастама, — деді, — түнекте.

08.08.2004 жс.

КЕМПІРҚОСАҚҚА

Кемпірқосақ жасымнан
Көркіңе сәнді таңдандым.
Жасалған қызыл, жасылдан,
Шеңберге қарап алдандым.

Жеті түсті шеңберсің,
Тоқтатар нөсер жаңбырды.
Жарқырап, жайнап сен келсең,
Түсінбей басым қаңғырды.


Жартылай шеңбер мәнердей,
Аспанға еркін асылдың.
Қулығы шексіз әйелдей,
Ар жағын неге жасырдың.

08.08.2004 жс.

* * *

Оятып таңғы ұйқыдан сезім селі,
Ұйқатпас көңіл назы егілмелі.
Уақытты құндап келем
болғаннан соң,
Тым қысқа тіршіліктің берілгені.

Сүйгенде дыз еткендей еріндегі,
Өлеңнің от қызуы тегін бе еді.



Жастық шақ
ауыл жақтан қол бұлғайды,
Құрбылар шақырғандай елімдегі.

Мұң-шерін жеңілдетер көңілдегі,
Тиер ме дос-жаранға себім тегі.
Аралап көріп қайттым ауылымды,
Тек қана ақ сары қыз көрінбеді.

Кездесу айқын үміт, сенім де еді,
Жүрегім қаққа әрең бөлінбеді.
Ауылға әдейі барып, оны көрмеу,
Ең қиын сынақ екен өмірдегі.

Туған жер, орман-тоғай, көңіл мені
Бөлеуге сан қызыққа ерінбеді.
Ақынның ең ардақты міндеті ғой,
Жүректің айтқанына жегілгені.

26.07.2004 жс.

БҮЛБҮЛҒА

Әндетер мезет туғанда,
Көкірегің құлаш сермейді.
Бұлданба, бұлбұл, бұлданба,
Бұл күндер қайтып келмейді.

Құйқылжып көңіл жанарсың,
Тапқандай жаңа қарқынды.
Сағыныш сазын саларсың,
Басарсың құштар мауқыңды.

Армансыз құшып сая бақ,
Бастарсың жаңа маусымды.
Сүйсінсін көктем аялап,
Мен сағынған даусыңды.

14.04.2004 жс.

ТАРИХТЫҢ ӨШПЕС ТАҢБАСЫ

*“Ғасырдың көркін құраған,
Екі-үш қана роман”.*

А.С. Пушкин


“Абай жолы”, “Ботакөз”,
“Көшпенділер” болар сөз.
“Тар жол, тайғақ кешу” бар,
“Қан мен тер” ойға қонар тез.

“Алмас қылыш”, “Жанталас”,
“Қаһармен” туды сан талас.
Өрт лаулады көңілде,
Дерт қаулады тарқамас.
“Көшпенділер” тармағы,
Қырандай көкте самғады.
“Қаһарды” оқып бар қазақ,
Жүректерін жалғады.

“Көшпенділер” бұтағы,
Жеке-дара ұтады.
“Қаһар” болды әр үйдің,
Сүйсініп оқыр кітабы.
Айдынға бұрдым кемемді,
Сескентпес қарсы жел енді.
“Қаһарды” оқып түсіндік,
Ұлттық сезім дегенді.

Ашылды жабық жылғалар,
Жарқ етті сәуле нұр жағар.
Бой жазып көзге көрінді,
Ел көркі ұлы тұлғалар.
Ардақты есім — Абылай,
Кенесары, Наурызбай,
Бөгембай мен Қабанбай,
Ақжолтай батыр, Ағыбай,
Қолдауға жүрген жарымай.

Кеңестік сарын зілденді,
Ұлттық ұғым именді.



Аз біліп өстік Қазыбек,
Айтеке, Төле билерді.

Өжеттік билеп санасын,
Жер мен көк ашты арасын.
Есенберлин паш етті,
Туған ел талай данасын.
Тебіrentті қазақ баласын,
Жайнатты саңлақ дарасын.
Сойылымен қорғаған,
Көкшетау мен Алатау,
Алтай, Атырау арасын.

Ой-өріс бұзып қамауын,
Көтерген елдің жалауын.
Есенберлин кім десең,
Дайын тұр айтар жауабым.
Бодандық тисе кеселі,
Ашылды шындық еселі.
Ол — біздің ұлы жазушы,
Тарихшылар көсемі.

Ақылдың салып тезіне,
Қаратқан елді сөзіне.
Есенберлин — ғұлама,
Ұлттық айқын шежіре.
Кешкен жоқ ол жеңілді,
Намысқа ұлттық берілді.
“Көшпенділер” қорғап тұр,
Атадан қалған жерімді.
Көңілде қозғап еленді,
Толғанды болжап теренді.
“Көшпенділер” ұлғайтты,
Ұлттық намыс дегенді.
Білместіктен арылып,
Телегей сырға жарыдық,
Өзімізді өзіміз,
“Қаһарды” оқып таныдық.

Жорықта берік шатыры,
Жеңіспен тынған ақыры,
Лияс аға кемеңгер
Қазақтың қайсар батыры.

Тарихта өшпес таңбасы,
Дауылпаз берік арнасы.
Есенберлин — ақтангер,
Махамбет, Мағжан жалғасы.

01.03.2005 жс.

КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАРҒА ТІЛЕГІМ

Табиғаттың тірлік ең тамаша тармағы,
Ана болу, жар болудың зор мәні.
Қасиетті Феникс құстай арудың,
Нұрлы өмірді жаңарту бар арманы.

Әрбіреуің сансыз жұлдыз жаға алар,
Киелі жан көп балалы аналар.
Сендерсіндер періштесі өмірдің,
Алтын алқа тағып елім бағалар.


Жан тілегін, жар тілегін тапқасын,
Ұл-қыздарың үміт, сенім ақтасын.
Ақ бесікке неше сәби келсе де,
Тағдыр бәрін бөлеп-тербеп сақтасын.

Ардақтасақ Ана деген шеберді,
Әр перзенті ақ сүтіне кенелді.
Соны ақтар тусын ақын, әншілер,
Ақан сері, Біржан салдай өнерлі.

Ұлттық арман ойлай білер қамын көп,
Тусын жаны жалын боп.
Абай жолын, Қаныш ізін сүйетін,
Тусын бірі ел ардақтар дарын боп.

Тілектерің қабыл болып, Аналар,
Өздеріңсің болмыс сырын шамалар.
Әйтекедей, Қаз дауысты Қазыбектей,
Төле бидей өссін әділ даналар.

О, Аналар! Ұл-қыз өссе жайраңдап,
Есепке сал нарыққа да сай қамдап.




Дербес ел боп, сонда қазақ өрістер,
Кең жалғанды емін-еркін сайрандап.

Саны көптер ұлы ел болып саналар,
Үбір-шүбір ұрпақпен ел жаңарар.
Ұлттық намыс ұлы туын көтерген,
Көбейіндер көп балалы Аналар!

08.03.2005 ж., Астана

ЫНДЫН



Сөз төркінін тамашалап байқаңыз,
Тәбет деп те, ындын деп те айтамыз.
Ындындары тым ашылып кеткенге,
Қызғаныштан қызды деме арқамыз.

Әркімде бір үміт еткен арман бар,
Сөз болып па адал тері жанғандар.
Қинайды ғой әкімдіктің күшімен,
Ел байлығын өзіндік қып алғандар.
Адам ішін құн-жын етіп жылжыған,
Ындын деген тойымы жоқ сұр жылан.
Тойған сайын ашыла түсер құлқыны,
Сұр жыланның сұрқын көріп қынжылам.

2004 ж.

* * *

Аруана... балалары қасында,
Ақ патшадай отыр ошақ басында
Ал күйеуі зырылдап жүр пұл тауып,
Амал таппай аптығын бір басуға.

Бәріне де біле білсек мол себеп,
Бәйбішеге кім жасамас елпелек.
Шаршағаның, аңсағаның басылар,
Күшақ жайса сүйіп, күшып еркелеп.

“Әйел — мойын, еркек — бас” деп айтады,
Ерден түспей еркек үйге қайтады.
Бар екен ғой
әйелдердің мойнынды,
Өзіне қарай бұрып қойғыш сайтаны.

20.05.2004 ж., Астана

Қойны-қоншың толғаннан,
 Рухың биік болар ма?!
 Құлқың тоймай қойғаннан,
 Ғұрпың сенің оңар ма?

Сепшілдігі сан алуан,
 Сүйсін ердің салтына.
 Солар ғана жаралған,
 Сақ қыран боп халқына.

Бұзылғаны ғаламның,
 Жанға жара салады.
 Қорқатыным: — адамның
 Рухы азып барады.

БІЛІП-БІЛМЕЙ ДЕГЕНІҢДЕ КӨНБЕЙМІН

Бақыт екен әр нәрсені дес білген,
 Мұңым да бар
 Кеш қуанып, кеш күлген.
 “Біліп-білмей істеп қойған күнәм” — деп,
 Сұрамадым кешірімді ешкімнен.

Соның бәрі
 Көрген түстей наз елес,
 Жалтақтаған адам өсте таза емес.
 Өз ісіме өзім жауап беремін,
 Тентек жүрек мейлің тағы қателес.

Әр талпыныс жолай бермес жәй тегін,
 Күнә, парыз ерте айырдым әр шебін.
 Беу, қыздар-ай,
 Өздерің ғой бастаған,
 Мен шындықты сүрлеп, тұздап қайтемін.

Көрші қызы, қаршадайдан ер жеткен,
 Тентек еді ата-анасы ерке еткен.



Өмір сырын ол тәмамдап бергенде,
Аспап едік біз бастауыш мектептен.

Беу, бәйбішем,
Құтты болды қадамың,
Баса алмаймын сенсіз бүгін қаз адым.
Отыз қыздың ортасында өзің де,
Жанарыңды атқан оқтай қададың.

Бәрі дұрыс
айтар сөзді нәштеуге,
Сұм жүректі қолдап кетер бас кейде.
Алматыдан әдейі іздеп келдің ғой,
Мен жүргенде оқу оқып Мәскеуде.

“Біліп-білмей” деген сөздің керегін,
Өзгелерге дес келер деп сенемін.
Ал өзімде білмей істеу болған жоқ,
Әр ісіме айқын жауап беремін.

15.12.2005 ж.

* * *

Көңілдің құсы шарықтап,
Етпейме кейде назы мас.
Шындықты шертсем анықтап,
Тыңдаушым сонда қажымас.

Сыр шертіп бассам тереңге,
Тағдырға ерте тұтылдым.
Дос болып жастай өлеңге,
Жалғыздықтан құтылдым.

Қүдірет күші өлеңнің,
Көрсетер шебін тереңнің.
Енжарлық, бейқам, дегеннің,
Жоқ соңынан ерер күн.

Сағыныш кейде шаршатса
Нұрлы өлең сәуле сепкізді.
Алыста ауыл аңсатса,
Сәтті әнім сәлем жеткізді.



Айқасқа шығып алаңдап,
Кек қайтарар өшім жоқ.
Артық сөз айту маған жат,
Өлеңнен артық досым жоқ.

07.08.2004 ж.

БОЙДА СЕНИМ БЕКІНДІ

Сәтті қазына
Қауырт іспен жиылып,
Қалталылар алға басты сиынып.
Арқалылар мол табысты тілейміз,
Қолғабысы қалар-ау, деп бұйырып.

Көкшолақты мініп өткен Кененге,
Құт қонғандай болашаққа сенем де,
Байлар жаққа дәмеленіп қараймын
“Елде барға ерін тиер” — дегенде.


Бұрын оны айтушы едім қыздарға,
Алма бетте қалып қояр із барда.
Енді ойлаймын ауылымды тоздырып,
Асау заман алмасын деп ызғарға.

Орыстардың Морозовы секілді,
Қазақтың да мырзалары жетілді.
Інілерім кең далаға көз салса,
Нарыққа да бойда сенім бекінді.

“ЕЛІМ-АЙДЫҢ” ӘЛЕГІ

Қазанның тар көшесінде,
Келе жатса Мағжан,
Толқып кетті, таныс сарын,
Жанын баурап лағыл ән.
Скрипкада ойнап тұрған қарт татар,
Тамылжытты шықпай күйдің бабынан.

Лек-лек көлден ұшқан
Қоңыр қаздай біртіндеп,



Әуелейді шерлі тізбек,
Жүрек шетін тілімдеп.
“Елім-айды” безілдетті, бебеулетті, боздатты,
Тірі адамдай кетті скрипка әрбір үні дірілдеп.

Кешкі ауылдың бунағандай,
Ескі зарлы әуені,
Жан жылытты мұңлы ырғақ
Жеткендей ел сәлемі.
Отты ақынды жас баладай тебіrentсе,
Елестейді көш, керуен Қаратаудың әлемі.

Қара қалпақ жерде жатыр,
Жұрт садақа тастайды,
Ойнай берді “Елім-айды”,
Татар бабай саспайды.
Бітіп қалған ақшаны ойлап Мағжан,
Сенер-сенбес қалта қаға бастайды.

Адам сенбес түнгел түптен,
Тірі шықты бір күміс.
Іші жылып кетті сонда,
Баурай түсіп үн, дыбыс.
Салмағы ауыр соңғы соқыр, тиын-ай,
Қара қалпақ жұтты үндемей тым-тырыс.

Бірге оқитын достары да
Ақынды тез түсінді:
— “Елім-айды” тындай-тындай
Нығайтқандай күшімді.
Қалтам тақыр қалсадағы қайтейін,
Бір жеңілтіп алдым, — деді, — ішімді”.

МЫҢ, МЫҢ АЛҒЫС ҮЙЕМІН

Студент кез
Жүрек жаулар тетікті,
Тапқан сөзім арманына жетіпті.
Гүлдей нәзік ақ құба қыз,
Бәйбіше
Болғанына дәл елу жыл өтіпті.

Жасырмайтын дос-жараннан сырым бар,
Таттым ләззат, Мәриям сенен шырын бал.
Тәуба деймін,
Төрім толды қызыққа,
Мақтан етер қызым және ұлым бар.


Ұл ұясын, қыз қиясын табатын,
Кең жайылды шартарапқа қанатым.
Өз қызымдай болып кетті келінім,
Өз ұлымдай көрінеді Маратым.

Дархан дүние ақ ниеті кең еді,
Ата-бабам аруағы мол жебеді.
Арман, Дана, Әдия атты алдымда,
Немерелер қанат қағып келеді.

Балапандар ақ тілекті ақтасын,
Жол ашылсын бәріне де сәтті, асыл.
Тілейтінім ертелі-кеш қашан да,
Тіл мен көзден тағдыр есен сақтасын.


Өзімді өзім қиял құсқа теңеймін,
Жонда жортқан жез киікті жебеймін.
Туа жалғыз болсамдағы
Өмірде,
Жүре, жүре достарыммен көбейдім.

Игі жақсы дәмдес болды елдегі,
Кенші — ақын боп шабыт қанат сермеді.
Қарақалпақ, Мәскеулетіп оралдым,
Соның бәрі татулықтың бергені.



Сол үшін де мың, мың алғыс үйемін,
Пәк мінезін көкірегіме түйемін.
Той үстінде
“ашылатып” ағайын,
Мәриямді екі беттен сүйемін.

АЛМАТЫДА СӘБИТТИҢ ЕСКЕРТКІШІ



Алматыда,
Мұқанов көшесінде,
Төлебимен тоғысар төтесінде,
Сұлу мүсін жүзінде жұлдыз жанған,
Жарқырап түр
Бір көрмей өтесің бе?

Ақ жабудың сәлдесі ашылғанда,
Құрды халық салтанат асыл жанға.
Сәбит аға бейнесі

қолаланды,
Сәлем алып барардай ғасырларға.

Бейнелепті дәлме-дәл шын арысты,
Барша қауым қол соғып құп алысты.
Ташкент, Бішкек, Мәскеулік
Қонақтар да,
Қазақтармен бөлісті қуанышты.

Күй төгілтті оркестр құдіретті,
Алатаудан Есілге дүбір жетті.
Тірі Сәбең
тұрғандай көз алдында,
Қайталанбас бір мезет ғұмыр өтті.

Табиғат пен келбеті ұласқаны,
Ұлылықтың нұсқасын растады.
Көрініп түр
Көз тастап баршамызға,
Аңқалаңдап бір қызық сыр ашқаны.

Қызғылт мүсін не деген сүйікті еді,
Осы екен ғой Сәбенді тірілткені.

Асыл досы Алматы жайнай түсті,
Бұрынғыдан Алатау биіктеді.

Сан зиялы сөйлеген назарға алды,
Шағын Алаң кең құлаш базарланды.
Мәриям апай
жанары бір жарқ етіп,
Сөбенді алғаш көргендей ажарланды.

Күлім қаққан мүсінге меңзеп көпті,
Қарай қалған дүйім жұрт мезет те өтті.
Сыры терең,
Әр сөзін салмақты етіп,
Алтай атты баласы сөйлеп кетті.


Алғыс айтты
Жиналған адамдарға,
Елбасына бастаған заманды алға.
“— Ұлылығы әкемнің өшпес, — деді, —
Елім барда, тәуелсіз панам барда”.

Орнатылды ғаламат айқын белгі,
Сөбең елді,
Сөбенді халқым көрді.
Әз келбетін бұлжытпай жарқыратқан,
Мүсіншіге мың алғыс айтқым келді.

Ұлылыққа аптықпай жеткен кісі,
Теңіз дерсің телегей еккен ісі.
Соның бәрін айғақтап,
Паш етіп тұр,
Алматыда Сөбиттің ескерткіші.


АТА-АНАНЫҢ ЕЛЕСІ (Сағадат Нұрмағамбетовке)

Ел сүйсінсе атағына, даңқына,
Сағадаттың ғажап екен салты да.
Анда-санда ауылына бір соғып,
Қандай ғибрат кездескені халқына.



Мәре-сәре ауыл толы ағайын,
Тетелестер ашты жүрек сарайын.
Қандай қызық бір шолғаны батырдың,
Есіл өзен, Қараөткелдің маңайын.

Алматы мен Астананы теңдеді,
Қос қиядан жарқырады еңбегі.
Қандай жақсы сексендегі генерал,
Сәлем бере Ақкөл жаққа келгені.




Осындайда кетер қара тас та иіп,
Тұрды батыр Бөгембайға бас иіп.
Ауыл шеті көрінгенде қалқайып,
Ыстық сезім өтті көзге жас үйіп.

Келді ауылға армиялық генерал,
Құшақ жайып жан тынысын кең алар.
Көл шетінде ақ қайындар тілдесіп,
Алпыс жылда бір алаңсыз дем алар.

Көңіл өсіп, жеңіл тартып денесі,
Көзге оралды талай өмір белесі.
Бірақ, сонда еске түсті балалық,
Ата-ананың мейірім төккен елесі.

Ол елеске ешбір белес тең келмей,
Мезет қандай бақытты сәт жеңгендей.
Бір сауықты батыр аға сол күні,
Ата-ананың елесі алып келгендей.

САҒЫНЫШ — МЕНІҢ ТІРЕГІМ



Сағыныштармен
аралас туды бар арман,
Сағыныш сырын
ұғындым асыл анамнан.
Содан кейін
тап болдым саған жасымда,
Бір мені мәңгі
Сағыну үшін жаралған.